

Жаңадан құрылған ИНСПЕКЦИЯЛАР КӨЛІКТІ БОЛДЫ

Әлімжан Қадылбекұлы

Өскемендегі Республика алаңында облыс Әкімінің орынбасары Григорий Пинчук облыстық аумақтық ветеринариялық қадағалау комитетінің аймақтық құрылымдарының басшыларына жүрдек жеңіл автомашиналардың кілттерін тапсырды.


Қазақстан Президентінің Жарлығына сәйкес Ауыл шаруашылығы министрлігі жүйесінде құрылған Ветеринария комитеті дербес құрылым ретінде өз міндетін атқаруға кірісіп кетті. Сондай-ақ, ветеринария бойынша облыстық, аудандық аумақтық инспекциялар құрылып, өздеріне жүктелген жұмыстарды жүргізіп жатыр. Осыған орай ветеринариялық қызмет күшейтіліп, олардың материалдық-техникалық жабдықталуы жақсарып келеді.

Автомашиналарды сатып алуға республикалық бюджеттен қаражат бөлініп, соған 24 жаңа «Нива» көлігі сатып алынды. Бұл көліктер малдәрігерлік қажетті керек-жарақтармен жабдықталған. Мұндай көліктер біздің облыста ветеринария саласына бірінші рет беріліп отырғанын да атап өткен жөн. Енді осы салада қадағалау жұмыстарын бұрынғыдан да жақсартуға түсуге, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағдай жасалды.

— Біздің аймақта облыс Әкімі Бердібек

САПАРБАЕВ ауыл шаруашылығын дамытуға жете көңіл бөліп келеді. Соның бір жарқын көрінісі, міне, бүгін облыстағы ветеринария инспекцияларына машиналар бөлініп жатыр. Ауданымызда жыл сайын мал саны өсіп келеді. 70 мыңдай ірі қара, төлімен қосқанда 230 мыңдай қой мен ешкі, 17 мыңдай жылқы бар. Аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу іс-шараларын орындау барысында осындай көліктер аса қажет еді. Бұған да қолымыз жетті. Біздің ауданға екі машина бөлінді. Соған қуанып отырмыз, — дейді Күршім аудандық аумақтық инспекциясының бас ветеринарлық-санитарлық инспекторы Қажымбек Ақтанов.

— Малдәрігерлік қызметі мамандарының жақсы жұмыс істеуіне, аудандағы шалғай ауылдарға жедел жетуіне, бақылау, қадағалау шараларын жүргізуіне арналған бұл көліктер үлкен көмек болғалы тұр, — деп әріптесінің сөзін Зырян аудандық аумақтық инспекциясының бастығы Мұратбек Өлмесеков те қостады.



Қазіргі таңда облыстық аумақтық ветеринариялық қадағалау инспекциясы бруцеллез тәрізді аурулармен күресу амалдарын қайта қарастырып, біздің өңірде

бұрын қолданылған вакцинация жүйесін қайта жаңғыртуға бет бұрып отыр.

Суретті түсірген Сергей Суrow